

Мемлекеттік сатылатын астық ресурстарының ішкі нарықты реттеу мақсатында пайдаланылуы туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 4 наурыздағы № 4-1/130 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 6 наурызда № 9193 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 4 сәуірдегі № 151 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.04.2016 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Астық туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 25) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы № 394 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау, жаңарту, орнын ауыстыру және пайдалану ережесінің 30-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының экономиканы жаңғырту мәселелері жөніндегі Мемлекеттік комиссиясы отырысының 2014 жылғы 14 ақпандағы және 2014 жылғы 28 ақпандағы хаттамалары негізінде

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 13.03.2014 № 4-1/147 бұйрығымен.

1. Мемлекеттік астық ресурстарын басқару жөніндегі агент ішкі нарықты реттеу мақсатында 182 000 (жүз сексен екі мың) тоннаға дейінгі көлемдегі мемлекеттік сатылатын астық ресурстарын мақсатты пайдаланылуын жүзеге асырсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Екіншілік департаменті (Буць А.А.) заңнамамен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді және оны ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі Г.С. Исаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Министр

А. Мамытбеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК